



ӨЗЕКТІ

Қалаған жеріне құрылыс салатындар қайдан шықты?

Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы «қойын алдырып, қорасын бекітті». Анығын айтқанда, сот заңсыз салынған үйлерді сүруге шешім шығарып, облыс әкімдігі тарапынан сынға ұшырағаннан кейін ғана ақпараттандыру саласына түбегейлі өзгерістер енгізбекші. Тіпті, тұрғындарға заңсыз құрылыстар туралы ақпаратты күнделікті беріп отыруға уәде етіп отыр. Себебі, «қара тізімге» іліккен үйлерді сатып алып, енді далада қалу қаупі туған пәтер иелері соңғы күндері аталған басқарманы «заңсыз салынып жатқан үйлер туралы ақпарат неліктен жеткіліксіз болды?» сұрақтың астында қалдырған еді. Басқарма басшысы Сержан Аймақовтың өзі де тұрғындардың базынасын түбегейлі жоққа шығарып отырған жоқ.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үйді сүргізеуге барын салады

Бірақ, болар іс болды, бояуы сіңді. Заңсыз салынған үйлерді сатып алғаны былай тұрсын, жөндеу жұмыстарын жасап, кіріп алған тұрғындарды Сержан Жаңабекұлы облыстың мамандандырылған ауданаралық сотының шешімі түпкілікті емес деп жұбатты. Себебі, апелляцияға бермекші. Болмаса, Жоғарғы Сотқа дейін баруға бейіл. Басқарма басшысы соттың шешімі шығып қойған «Хан», «Al-Farabi» және «Nura» тұрғын үй кешендеріне қатысты басқа ақпаратпен бөліскен жоқ. Себебі, сот процесі әлі де жүріп жатыр.

– «Қаншама компаниялар тұрғын үйлерді заңсыз салуда. Талайын үлескерлердің қаражатын заңсыз алғаны үшін жауапқа тарттық» деген ақпарат қашан да болсын беріліп отырды. Одан бөлек, басқарманың ресми сайты да бар. Бірақ, Instagram, Facebook-тегі жазылушыларымыз өте аз. Сайтқа да адамдар сирек кіреді. Биылдан ақпарат тарату жағынан жұмыс ұстанымызды түбегейлі өзгертеміз. Күн сайын нақты уақыт режимінде, заңды белден басып, құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан құрылыс компаниялары туралы ақпаратты беріп отырамыз, – дейді Сержан Аймақов.

Енді басқарма, өңірлік коммуникациялар қызметінде тікелей брифинг берумен қатар, заңсыз құрылыс басында қона жатпаса да, сол жерден бейнероликтер жасап, халыққа таратпақшы. Қалай болғанда да, салынып қойған үйлерді құлатуға әкелетін өкінішті жайттарға бұдан былай жол бермес үшін қолдан келгеннің бәрін жасамаққа бекінген.



РУҚСАТ ЕТІЛГЕН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТОЛЫҚ ПАКЕТІНСІЗ САЛЫНЫП ЖАТҚАН ҮЙЛЕР

ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫ	ТҚ АТАУЫ
«Т-K Building» ЖШС	«Al-Farabi» ТҚ Мұқанов к-сі, 55/2
«Т INVEST-2022» ЖШС	«Хан» ТҚ Мұқанов к-сі, 19/2
«Satti Lux Stroy» ЖШС	«Нұра» ТҚ Мұқанов к-сі, 51/4 құрылыс
«Buildary» ЖШС	«Қарқаралы» ТҚ Мұқанов к-сі, 51
«QazaqInvestStroy» ЖШС	КТҮ Мұқанов к-сі, 49р
«RGB Group» ЖШС	«Central Avenue» ТҚ Гоголь к-сі, 34/5 учаске
«Sunrise» ЖШС	«Анедина» ТҚ 137-ші есептік орам, 343
Холодков В.К.	КТҮ Карбышев к-сі, 2/5 құрылыс
«ККК Бетон» ЖШС	«Бақытты отбасы» ТҚ Галеев к-сі, 4е
Григорян Ш.Н.	КТҮ Ремесленый түйік көшесі, 2-ші учаске
«Orda Minerals» ЖШС	«Inju City» ТҚ 5,6,7 блоктар, Республика даң., 23

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ТЕЛЕФОНЫ (8-7212) 43-22-43

Айтса айтқандай, әлеуметтік желі бүгінде өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып кеткен. Халықтың дені ресми баспа құралдары мен телеарналардан гөрі соларға басымдық беретінін жоққа шығара алмаймыз. Ақпарат алмасудың қуатты құралын барынша пайдалануға бекінген басқарманың әрекеті – осы.

11 құрылыс – заңсыз
Брифинг барысында Сержан Аймақов бүгінде рұқсат құжаттарының толық пакетінсіз салынып жатқан құрылыс нысандарын да атады. Айтуынша, облыс орталығында салынып жатқан 70 тұрғын үй кешенінің 11-і – түрлі бұзушылықтармен тұрғызылуда. – Құрылысы жүріп жатқан тұрғын үй кешендерінде құжаттары толық емес. Жоғарыда аталған үш тұрғын үй кешені бойынша бұл түпкілікті шешім емес, апел-

тексеруі керек. Құрылыс компаниясында көп нәрсеге сендіруі мүмкін. Сондықтан, ақпаратты мейлінше тексеру керек, – дейді басқарма басшысы.

Сержан Аймақов заңсыз салынып жатқан құрылыс нысандарын да тізіп айтты. Тіпті, сөзінің дәлелі ретінде құрылыс рұқсатсыз жүріп жатқан «Қарқаралы» тұрғын үй кешенінің күні кеше түсірілген суреттерін де ұсынды.

► 3-бет

САҚТАНСаҢ САҚТАЙДЫ

56 жолаушыны құтқарды

Облыста ауа райының нашарлауына байланысты 14 қаңтарда республикалық және облыстық маңызды бар автожолдардың бірқатар учаскелері жабылған болатын. Құтқарушылар жоғарыда аталған жолдарға бірнеше рет шығып, жылыту пункттеріне жолда қалған 56 адамды жеткізген. Бұл туралы облыстың төтенше жағдайлар департаменті хабарлады.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

14 қаңтарда Осакаров ауданында «Осакаровка – Молодежный» автожолының 49-шақырымында қар құрсауында қалған үш автокөліктен 8 адам құтқарылып, Молодежный кентіне жеткізілді. Дәл осы күні Теміртауда блокпост аумағынан құтқарушылар жол бойындағы кемпингке 16 адамды жеткізген.

Одан бөлек, Шет ауданында да осындай жағдай орын алды. Атап айтқанда, «Ақой – Сейфуллин – Ақсу-Аюлы – Ақтоғай – Балқаш» жолының 133-шақырымындағы Нұра ауылы ауданында департамент пен жергілікті атқарушы органдарының күшімен техникалық ақаулы Setra автобусынан 32 адам эвакуацияланды. Жолаушылар Ақтоғай кентіне жеткізілді.

Төтенше жағдайлар департаменті автожолдардағы қозғалыс туралы ақпаратты жіті қадағалап, ауа райы бұзылған жағдайда елдімекендерден тыс жерлерге бармауға кеңес береді.

Ауа райының өзгеруі және автожолдардың жай-күйі туралы жедел ақпарат «Дәрмен» мобильді қосымшасында және департаменттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысының автожолдары барлық бағыттар бойынша ашық. Оқиғалар мен төтенше жағдай фактілері туралы 112 немесе (8-7212) 43-36-36, 43-37-37 телефондарына хабарласуға болады.



Су ресурстары цифрланады

Су ресурстары және ирригация министрлігі «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясымен бірлесіп, су ресурстарының бірыңғай ақпараттық жүйесін құру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бұл туралы аталған ведомствоның баспасөз қызметі хабарлады.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірыңғай ақпараттық жүйеде еліміздегі су шаруашылығы нысандарының жай-күйі туралы ақпарат болады. Одан бөлек, жүйе су ресурстарының бөлінуін және пайдаланылуын бақылауға мүмкіндік береді.

«Су ресурстарын цифрландыру маңызды. Бүгінде Қазақстанның бірнеше облыстарында суару желілерін цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта цифрландыру элементтерін жалпы ақпараттық жүйеге интеграциялау жоспарлануда», – дейді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.



Зорлық – ұрып-соғумен шектелмейді

Еліміз бірнеше жыл қатарынан шешуге әрекет етіп келе жатқан өзекті мәселенің бірі – тұрмыстағы зорлық-зомбылық. Мемлекет бұл жайтқа түбегейлі тоқтау салуға барын салғанымен, барлығы әзірге айтарлықтай нәтиже шығармай тұр. Мәселен, былтыр Қазақстанда агрессорлар қолынан 69 әйел мен жеті бала қайтыс болғанын көрсетеді статистика. Ал, республика бойынша тек Қарағандыда ғана бар «Отбасыға көмек көрсетудің бірыңғай орталығы» ашылған жарты жылдың ішінде 500-ге тарта абызгерге қарсы шара қолданған.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қаруымыз керек» атты сұхбатында тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа ерекше тоқталған болатын. «...Қоғамда озбырлық пен зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбейтін түсінік қалыптаспаса, заңға енгізілген өзгерістерден аса қайыр болмайды» деген Мемлекет басшысы қоғамды ішінен ірітетін, адамгершілікке жат қылықтарды ақтауды көздейтін кез келген әрекетке және құқықтық нигилизмге тұтас ел болып тосқауыл қою керектігін де айтты.

Бірақ, өкініштісі, біздің қоғамда әйелдердің дені өздеріне қатысты жасалған құқыққа қайшы немесе адамгершілікке жат әрекеттерді зорлық-зомбылық деп санамайды. «Право» қоғамдық қорының психологы Әлия Төлеуханова осылай дейді.

– Қоғамда зорлық-зомбылық түсінігі дұрыс қалыптаспаған. Көпшілігі оны тар контексте қабылдайды. Мәселен, әйелдер үшін ұрып-соқпайтын немесе жыныстық зорлық көрсетпейтін күйеу – жақсы күйеу. Басқаның барлығын олар тұрмыстағы зорлық-зомбылық деп есептейді. Мінезі нашар деуі мүмкін, ерек болған соң, дөрекілік оған тән деуі мүмкін, әйтеуір, ақтап алуға тырысады. Бірақ, сайып кел-




генде, өзіне де, балаларына да қатысты зорлық-зомбылық жасалып жатқанынан бейхабар. Тек, таяққа жығылмаса болғаны, – дейді Әлия Нұржанқызы.

Кәсіби психолог тұрмыстағы зорлық-зомбылық түрлеріне де тоқталды. Айтуынша, адамның еркінсіз қойысыз жағдайға қалдырудың өзі – зорлық. Мәселен, толыққанды демалуға кедергі келтіру, отбасы бюджеті үшін әйелді көңілі қаламаған жұмыс істетіп, жүйкесінің әб-


ден сыр беруіне жеткізу де зорлық-зомбылықтың белгісі. Әлия Төлеуханова бұған физикалық зорлық-зомбылық деген анықтама береді.

Одан бөлек, психологиялық зорлық-зомбылық түрі де бар. «Оған бопсалау, қауіп-қатер тудыру, қызғаныш сал-



дарынан басқан ізін аңду, жазалау үшін сөйлеспей қою, әлеуметтен алшақтату, дәрменсіз ретіне көрсету сияқты әйелдің өзін-өзі бағалауы мен сенімділігін жоғалтуға ықпал ететін әрекеттер жатады», – дейді психолог.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың тағы бір түрі – экономикалық зорлық-зомбылық. Бұл – қаржы немесе тұрғын үй жағынан күйеулеріне тәуелді әйелдерге тән.



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

– Аталған жағдайда күйеулері әйелдерінен қарапайым қажеттіліктері үшін жұмсаған ақшаның есебін сұрап, қорлайды. Менің тәжірибемде ұрып-соғудан кейін көп кездесетіні осы – экономикалық зорлық-зомбылық. Оған әсіресе, өкінішке орай, бала күтімімен үйде отырған әйелдер ұшырайды, – дейді Әлия Төлеуханова.

Маман «сұят» ұғымының тамыр жайып алғаны сонша, әйелдер үйдегі зорлықты сыртқа шығаруға дәрменсіз екенін айтады. Айналасындағылардан, жақындарынан ұялып, зорлық-зомбылыққа төзіп, өмір сүре беру әдетке айналған.

– Қазақта, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген мақал бар. Отбасында анасының зорлық-зомбылық құрбанына айналғанын көрген бала ертең өмірде өзі де соны қайталайды. Сондықтан, балаларының болашағын ойлаған әке де, ана да алдымен өздерін тәрбиелегендері дұрыс. Баланың қоғамдағы мінез-құлық моделі отбасындағы мінез-құлық моделін көрсетеді. Егер бала жастайынан ешқандай зорлық-зомбылықты көрмей өссе, онда өзге де әлімжеттік көрсетуден аулақ болып қана қоймай, өзіне де зорлық-зомбылық жасауға жол бермейді. Бала кезінен жеке шекаралар мен жеке өмірге қол сұғылмаушылық туралы ұғымдар қалыптасса, бұл оның толыққанды, еркін және нәтижесінде бақытты адам болып өсуіне мүмкіндік береді, – дейді Әлия Төлеуханова.



Аймақ болашағы бүгіннен басталады

Экономиканы әртарапандыру. Инвест жобалардың іске асырылуын барынша сапалы қылу. Бұл арада тұрғындарға жана жұмыс көзін тауып, еңбекпен қамтылуы басты межелердің бірінен деп атап өтті өңір әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кезекті аппарат жиыны барысында.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 2023 жылы өнеркәсіп көлемі 3,5 трлн. теңгені құрады. Негізгі капиталға 2022 жылғы деңгейге қарағанда 12,2% өсіммен 854,3 млрд. теңге инвестиция салынды. Құрылыс жұмыстарының көлемі шамамен 39 пайызға өсті. 422,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, – деді экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева сөз алып.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

854,3 млрд теңге
инвестиция тартылды

өнеркәсіп көлемі –
3,5 трлн теңге

422,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді

құрылыс жұмыстарының көлемі
39%-ға артты

Сурет облыстық әлеуметтік сыйлығын алады

Көлік саласында ішкі сауда көлемінің өсуі аңғарылды. Өндіріс саласындағы инвестиция көзін табу тұрғысында облыстық өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр баяндады. Спикердің сөзінше, биыл 3,7 трлн.теңгелік өнім өндіру жоспарланған. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 2,1 пайызға жоғары көрсеткіш. Өңдеу өнеркәсібінде де 2,5 пайыздық өсім күтіледі. Бұл дегеніміз – 2,8 трлн.теңге. Қара металлургия саласындағы жетістік 5 пайызды құрамақ. Машина жасау – 5, түсті металлургия 2,5 пайызға өркендеді.

– Құрылыс саласы да екі пайыздық өлшеммен қарқын алмақ. Инвестицияға келетін болсақ, биыл негізгі капиталға 910 млрд.-тан төмен емес сомаға қаражат тарту межесі көзделді. Бұл – 1,5 пайыздық өсімді құрайды. Жүйе құраушы өндіріс ошақтарының модернизация бағдарламаларын іске асыру аясында түрлі 10 инвест-жоба қолға алынбақ, – деді Дарын Бейбітұлы.

Міндет – тұрғын үй құрылысының қарқынды төмендетпеу. Жаңа құрылыстарды жылу қуатымен қамтамасыз ету үшін облыс орталығында үшінші жылу құбырының құрылысы жалғасуда. Қарағанды әкімі Мейрам Кожуховтың айтуынша, нысан биыл қолданысқа тапсырылады.

Ауыл шаруашылығы азық-түлік қауіпсіздігін және өңірдің тұрақты бұл бағыттағы дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Саланы дамытудағы сәтті қадамдарға қарамастан, аймақ

климаттың өзгеруі, әлемдік нарықтардағы бәсекелестік сияқты мәселелер кешенімен бетпе-бет келіп отыр. Салалық басқарма басшысы Саят Мусин ет өндіруді ірі кәсіпорындар сұранысын қанағаттандыру арқылы жыл соңына дейін ұлғайтылатынын хабарлады. «Ақнар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өкілдерімен бірлесіп, күс етін өндіруде бір мың тоннаға арттыру жоспарланып отыр.

– Бидай, арпа және сұлы сияқты дәнді дақылдар ауыл шаруашылық өндірісі құрылымында маңызды рөл атқарады. Заманауи технологияларды, соның ішінде ауыл шаруашылық техникасын және егудің заманауи әдістерін қолдану өнімділік пен өндіріс тиімділігін арттыруға ықпал етеді, – деп сендірді Саят Қабденұлы.

Энергетика. 2023 жылға дейін жұмыс істеп тұрған жылу электр орталығында үш жана қазандық пен бес турбина салу жоспарлануда. Сондай-ақ, энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту міндеті кезек-кезенімен шешілуде. Жабдыктардың тозуын азайту және энергетикалық қауіпсіздікті арттыру шаралары туралы аппараттық кеңесте баяндалды.

– Облыста жеті энергия көзі жұмыс істейді. Олардың негізгі жабдыктары орта есеппен 70 пайызға тозған. 2023 жылға дейін төрт станцияда: Қарағанды ЖЭО-3, «Qazmet» АҚ ЖЭО-2, Топар ГРЭС және Балқаш ЖЭО – үш қазандық пен бес турбинаны іске қосу жоспарланған. Бұл жылу энергиясының қуатын 430 сағ/Гкал, электр энергиясының қуатын 310 МВт-қа

арттыруға мүмкіндік береді, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов.

Сонымен қатар, облыста «жасыл» энергетика өрісі кеңейіп келеді. Қазір жалпы қуаты 232 МВт болатын жеті ЖЭО қондырғысы жұмыс істейді: бес күн электр станциясы, биогаз қондырғысы және шағын ГЭС. 2023 жылы 383,6 млн. кВт/сағ немесе облыстың жалпы электр энергиясын өндірудің 2,7 пайызы өндірілді. Болашақта тағы алты жоба жоспарланған. Энергетикалық қауіпсіздікті арттыру үшін қандай шаралар қабылданып жатқаны жайлы Қарағанды және Теміртау әкімдері де қоса баяндады. Қарағанды әкімі Мейрам Кожуховтың айтуынша, облыс орталығында жұмыс істеп тұрған қосалқы станцияларды жаңғырту әрі жаңаларын салу әлі де жалғасады. 2023 жылға жоспарланған ЖЭО-3-те жаңа энергия блогының құрылысы қосымша қуат береді. Теміртау әкімі Ораз Тәуірбеков қаланың электр желілерінің проблемалық учаскелері бойынша алты жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатқанын хабарлады.

Өз кезегінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ, иесіз желілерді балансқа қабылдау бойынша жол картасын әзірлеу қажеттігін қаперге салды. Өйткені, жиын барысында қабылданар шешімдер мен стратегиялар өңір өмірінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, бастысы азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Әлбетте, жалпы да жалқы мақсаттарға жету үшін биліктің, бизнестің және қоғамның өзара әрекеттесуінің маңыздылығы атап көрсетілді. Шешім қабылдаудағы ашықтық пен жауапкершілік гүлденген және теңдестірілген игі қоғам құруға негіз болады дерліктей.

• ӨНДІРІС – ӨҢІР ТІРЕГІ

Дамудың формуласы дайын

Теміртауда Qazmet компаниясының стратегиялық сессиясы жұмысын аяқтады. Бөлімше басшылары қатысқан жиында болат департаментінің жоспары талқыланып, маркетингке қатысты сұрақтар қойылды.

– Біз бетпе-бет пікірлесіп, ой бөлістік. Бірінші күні біз болат департаментінің болашағын талдадық. Көптеген мәселе талқыланып, маркетингке бағытталған сауалдар қойылды. Жоспарларды ескере отырып, жігіттер жежені еңсереді деген сенімдемін, – деді Qazmet компаниясының инвесторы Андрей Лаврентьев.

Стратегиялық сессияның екінші күнінде көмір, темір кені департаменті мен құбыр зауытының қазіргі жағдайы мен биылға жоспары айтылды.

– Жаңа инвестор келгенде компанияда тек 5 лава, 11 ұңғыма бригадасы жұмыс істеді. Оған бүгін түсініктеме беру қиын. Мысалы, 2021 жылдан бастап, Тентек шахтасы тоқтап тұр. Сонымен қатар, көп мөлшерде қымбат жабдыктар сатып алынды, – деді көмір департаментінің директоры Жақан Мұхамеджанов.

Директор бірлескен күш-жігер негізінде еңбек қауіпсіздігіне баса назар аударуды ескере отырып, жағдайды ке-

«Саран» шахтасы 1,3 млн. тонна көмір өндіруді жоспарлап отыр деп мәлімдеді директор Сергей Банмиллер. Ол үшін 2024 жылы екі лава іске қосылады.

Сессияда темір рудасы бөлімшесі мен құбыр зауытының басшылары сөз алды. «Өркен» ЖШС Лисаков, Кентобе, Атасу, Атансор кен орындарының темір кені өндірумен, өңдеумен және байытумен және кейіннен комбинатқа дайын өнімді жеткізумен айналысатыны айтылды.

– Жалпы қоры 6 млрд.тонна болатын Қазақстандағы ірі кен орны ретінде темір құрамын 60%-ға дейін фосфорсыздандыру бойынша марганец концентратын өндіру бойынша жұмыстар жүргізуге, жалпы өндіру көлемін орта есеппен 10%-ға арттыруға дайынбыз, – деді «Өркен» ЖШС директорының міндетін атқарушы Махмұт Мұстафин.

«Құрылысмет» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры Ғабит Омарханов кәсіпорынның бір кездері бас компанияның өмірінен тыс қаршы бөлініп қалғанын айтып, әріптестерінің назарын аударды. Ал



Сурет облыстық әлеуметтік сыйлығын алады

зең-кезеңімен тұрақтандыру жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Желтоқсанда ұңғыма жұмыстарын бастадық. Барлығы – 23 бригада. Ұңғымасыз шахталарда болашақ жоқ. «Абай» шахтасын іске қостық. Бірінші тоқсанда тағы екі шахта ашуды жоспарлап отырмыз. 2024 жылға арналған жоспарлар айтарлық зор демесең те, тоқыраудан шығамыз, – деп қосты Жақан Мұхамеджанов.

Сондай-ақ, Қарағанды көмір бассейні кәсіпорындарының басшылары қысқа мерзімді кезеңге арналған егжей-тегжейлі жоспарларымен бөлісті. «Қазақстан» шахтасының директоры Владимир Шнель 2026 жылға қарай қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетінін, екі лаваның болуына мүмкіндік беретінін бірнеше кезеңде көмір өндіруді қайта жандандыруға жол ашылатынын атап өтті.

Ленин атындағы шахта директоры Валерий Хан 2024 жылы 1,2 млн. тонна көмір өндірудің оң болжамын талдады. Сонымен қатар, ұңғыма 37%-ға артады.

бүгінгі қуатты жүктеме шамамен 25%.

– Бұл – бааланбаған сериялық өндіріс. Станоктар мен персоналдармен проблемалар бар. Алайда, бүгінде біз 6 000-нан астам атаулы позицияны игердік және күштік гидравликаны, құю өндірісін, энергия жабдыктарын дамытуға дайынбыз, – деп атап өтті Ғабит Омарханов.

Компания акционері темір кені департаментінің жарияланған жаңа жобаларды қаржыландыратынына сендірді. Әлеуетті міндеттерді шешу үшін Qazmet компаниясының үздік кадрлары тартылақ.

– «Құрылысмет» пікірін тыңдағаныма қуаныштымын. Машина жасаушы ретінде құю өндірісі бізге жақын. Станок паркіне келетін болсақ, бұл, тіпті, мәселе емес. Егер инвестиция керек болса, инвестициялаймыз. Кәсіпорынды дамытудың формуласы бар, – деп атап өтті Андрей Лаврентьев.

Өз тілшімізден

• МӨЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Кеңес жерде қалмасын

Қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдай асқынуды түр. Бұл біздің елімізде ғана емес, әлемнің бірқатар елдерінде өзекті мәселеге айналды. Қызылшаны сыртқа тарату вакцинацияланбаған адамдар арасында жиі тіркеледі. Мәселен, ауырған барлық науқастың 87%-ы – екпе алмағандар.

Статистика бойынша кешегі күнге дейін облыс бойынша 920 адамда қызылша расталды. Ауырғандардың 90%-ы 14 жасқа дейінгі балалар екеніне назар аударғым келеді. Оның жартысынан көбі – 5 жасқа дейінгі балалар.

Вакцина алмаған адамдардың бар болуы және тұрғындар арасында белсенді көші-кон инфекцияның тез таралуына ықпал етеді. Қызылшаның жұқпалылығы өте жоғары және вирустың сыртқы ортада өте төзімді болғандықтан, науқаспен байланыста болған екпе алмаған және бұрын ауырмаған адамның барлығы дерлік оны жұқтыруы өбден мүмкін. Вирус ауа арқылы үлкен қашықтыққа оңай таралады.

Қызылша отит, пневмония және жүйке жүйесі жағынан – энцефалит, менингит, панэнцефалит сынды асқынудың себеп болуымен қауіпті. Панэнцефалит – бұл мидың зақымдануының ең ауыр асқынуды, ол қызылшамен ауырғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң дамуы мүмкін және мүгедектік пен өлім жайт-

тарына алып келеді.

Бұл аурудың алдын алуға мүмкіндік беретін ең сенімді шара – вакцинация. Ал, адам ауырған жағдайда екпе асқынудан қорғайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы жоспарлы егулер 12 айлық (вакцинация) және 6 жастағы (ревакцинация) балаларға жүргізіледі.

Эпидемиялық жағдайға байланысты қызылшаға қарсы егу 30 жасқа дейінгі,

бұрын ауырмаған, егілмеген және қызылшаға қарсы профилактикалық егулер туралы мәліметтері жоқ немесе қызылша ошақтарында байланыста болған, бір екпесі бар адамдарға жүргізіледі. Қарсы көрсеткіштер болмаған жағдайда, вакцина науқаспен байланыста болғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірмей енгізіледі. Бұл шұғыл профилактикалық шараларға жатады.

Елде қызылшаға қатысты қалыптасқан қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты «Қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің



70-тен астам елінде, соның ішінде Еуропада қолданылады, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертификатталған және мемлекеттік тіркеуден өткен. Біздің елімізде бұл вакцина 20 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. 2015 жылдан бастап қызылша ауруының өршуін оқшаулау үшін осы вакцина қолданылды, имундаудан кейінгі асқынудың тіркелген жоқ. Қызылшаға қарсы қосымша жаппай имундау кезеңінде вакцинацияланған 6-11 айлық балалар олар 12-15 айға толғанда, осы инфекцияға қарсы жоспарлы вакцинациялануға жататынына назар аударғымыз келеді.

Қосымша имундау балалардың тіркелген жері бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымдарда тегін жүргізіледі. Вакцина саны жеткілікті.

Қосымша имундау науқанының негізгі мақсаты – қызылша ауруы мен оның асқынудың одан әрі таралуын болдырмау. Қызылша – барлық жастағы адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіпті. Вакцинация аурудан, асқынудан қорғайды, әр қосымша доза имунитетті күшейтеді.

Жанар БЕРКІМБАЕВА,
Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Білім саласында – соны өзгерістер

Облыстың білім беру ұйымдарында 24 мыңнан аса педагог жұмыс істейді. Бүгінгі күнде 16 374 педагогтің немесе 67,2% жаңа жүйе бойынша біліктілік санаты бар. Биыл 9 мыңнан астам мұғалім немесе (8 760 адам) біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Адами капиталдың қалыптасуы едәуір дәрежеде білім беру саласының тиімді жұмысына байланысты.

Білім беру сапасына тікелей ықпал ететін факторлардың бірі педагогтердің кәсібилігі болып табылады.

Облыстың білім беру ұйымдарында 24 мыңнан аса педагог жұмыс істейді. Бүгінгі күнде 16 374 педагогтің немесе 67,2% жаңа жүйе бойынша біліктілік санаты бар. Биыл 9 мыңнан астам мұғалім немесе (8 760 адам) біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Педагогтерге деген қажеттілік 127 адамды құрайды. Бұл проблема, негізінен, жас мамандар есебінен шешілуде. Жыл сайын білім беру ұйымдарына 600-дай жас педагог келеді, олардың арасында облыстық бюджет есебінен оқытылған түлектер бар.

Соңғы 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен 100 адам педагогикалық мамандық бойынша оқып шықты. Олардың бәрі білім беру ұйымдарына жұмысқа орналастырылды. Биылғы оқу жылында педагогикалық мамандықтарға 20 грант бөлінді.

Сондай-ақ, өткен жылдан бері «Мамандыққа жанамалай кіру» жаңа білім беру жобасы жүзеге асырыла бастады. Жобаға жоғары педагогикалық емес білімі бар 33 адам қатысып, осы жылы қайта даярлықтан өткеннен кейін мектептерде жұмыс істеп жатыр. Биылғы жылы біз «Teach for Qazaqstan» қоғамдық қорымен ынтымақтастықты жалғастырдық, енді жобаға қатысатын мектептер санын кеңейтуді жоспарлап отырмыз.

Білім беру саласындағы барлық жұмыс білім берудің сапасын жақсартуға және осы процестің барлық қатысушылары үшін қауіпсіз жайлы жағдай жасауға бағытталған. Осының бәрі аймақтағы білім беруді одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

Білім берудің бірінші деңгейі – мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету.

Бүгінгі күнде облыста жалпы 39 мыңнан аса баланы қамтитын 411 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде, 11 мыңдай балалар контингенті бар 101 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді.

2 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту 79,5% -дан 82,6%-ға өсті, 3 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 100%-ды құрайды. Бұған 2 мыңнан астам жаңа орын ашу есебінен қол жеткізілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жан басына қаржыландыру арқылы қамтамасыз етіледі.

2023 жылдың аяғында бір балаға біліммен мемлекеттік тапсырыстың құны қалада 52 954 теңгені, ауылда 59 111 теңгені құрады. 2024 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыстың құны 54 506 теңгеге (қала) және 60 747 (ауыл) теңгеге өсті.

Жаңа орындардың ашылуы іс жүзінде жекеменшік инвестицияларды тарту есебінен жүзеге асырылуда. Жаңа орындардың 97,6%-ы жекеменшік ұйымдарда ашылды.

Үстiмiзгiдей жылы 3 540 мектепке дейiнгi жаңа орын ашуды жоспарлап отырмыз.

Қарағанды қаласында (Новоузенки ауданы) 140 орындық жекеменшік балабақша салынып жатыр және Балқашта бұрынғы емхана ғимаратын қайта жөндеу есебінен 280 орындық балабақша ашылды. Приозерск қаласы 320 орынға арналған балабақша құрылысы басталды. Қарағанды қаласы Пришахтинск ауданында 320 орынға арналған типтік мемлекеттік балабақша салу мәселесі шешілуде.

2023 жылдың мамыр айынан бастап МӘК алатын отбасылар санатындағы 255 балабақша тәрбиеленушісі үшін тегін тамақтану ұйымдастырылған.

Биылғы жылдың бір жаңалығы – бала-

ларды есепке алу, кезекке қою және мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру Бірыңғай республикалық базаға көшірілді. Кезектік тізімнен мектепке дейінгі ұйымдарға берілетін жолдамалар ата-аналардың қатысуынсыз Оқу-ағарту министрлігі арқылы автоматты түрде берілетін болады. Кезектер әрбір балабақша үшін жекеменшік түрде қалыптасатын болады. Ата-аналар төрт балабақшаға дейін таңдай алады. Өткен жылы Шахтинск осы жобаны республикада табыспен жүзеге асырған алғашқы аймақ болды.

Орта білім беру жұмысы сапалы білім алу үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған.

Облыста барлығы 402 жалпы білім беретін мектеп бар (ОМ-301, НМ-73, БМ-28), оның ішінде ауылдық аймақтарда – 231 (ШЖМ – 162 немесе 40%).

Қазіргі таңда үш мектеп: Қарағанды қаласында (Кунгей ш/а 600 орындық) бір мектеп, Қарқаралы ауданының Талды ауылында (200 орындық) және Бұқар жырау ауданының Новостройка селосында (150 орындық) апатты жағдайдағы екі мектептің орнына салынып жатыр.

Қарағанды қаласы №44 апатты мектептің ғимараты қиратылып, орнына жаңа мектеп салынатын болады.

Жалпы алғанда, облыс бойынша 2023 жылға дейін «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасының аясында 12 500 оқушы орнына арналған 18 мектеп салынатын болады.

Сондай-ақ, өткен жылы 115 нысан жөндеді, оның ішінде 13 нысан күрделі жөндеуден, 102 нысан ағымдық жөндеуден өтті.

Ағымдағы жылы 59 білім беру ұйымын жөндеуден өткізуді жоспарлап отырмыз, оның ішінде, 29 нысан күрделі жөндеуден, 30 нысан ағымдық жөндеуден өтетін болады.

Мектеп ғимараттарына қосылған қазандықтарды шығару ерекше бақылауда. Өткен жылы 17 қазандық қауіпсіз қашықтыққа шығарылды. 2024 жылы тағы 19 қазандықты шығару көзделуде.

Физика, химия, биология, STEM пән кабинеттерімен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Өткен жылы 72 кабинет сатып алынды. Биыл тағы 65 кабинет сатып алу жоспарлануда. Нәтижесінде заманауи кабинеттермен жабдықтау көрсеткіші 80%-ды құрады.

Білім беру қызметін көрсету сапасына әсер ететін факторлардың бірі – жоғары жылдамдықтағы Интернетпен қамтамасыз ету.

Облыстың барлық мектептері Интернет желісіне қосылған. 20 жеткізуші 612 қосылу нүктесі арқылы қызмет көрсетеді. Қазір техникалық мүмкіндігі бар 37 мектепте Интернетті жылдамдығын көбейту жұмысы жүргізілуде.

Облыстың Интернет жылдамдығын көбейту проблемасы бар 106 мектепінде өткен жылдан бастап StarLink спутниктік жүйесіне қосылу жұмыстары басталған. Бұл жұмысты осы жылдың шілдесіне дейін аяқтау жоспарланған. Өткен жылы осы жүйені апробациялау бойынша республикалық пилоттық жобаға Осакаров ауданының Қарағайлы ауылындағы Жамбыл атындағы мектебі қатысқан болатын.

Спутниктік жүйені енгізу нәтижесі кіру жылдамдығын 200 Мбит/с-ке, шығу жылдамдығын 30 Мбит/с-ке көбейтуге мүмкіндік берді.

Оқушыларды әлеуметтік қолдау жұмыстары да жалғасуда. Бұл, ең алдымен, жаппай оқыту қорына қаражат бөлу, ыстық тамақ пен тасымалды ұйымдастыру.

Жаппай оқыту қорының есебінен 11 227 баланың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің әрқайсының карта-есепшотына



40567 теңге көлемінде ақша қаражаты аударылды.

Тегін ыстық тамақпен барлық бастауыш сынып оқушылары қамтылған, бұл 75 мыңнан астам бала, оның ішінде жаппай оқыту қоры есебінен – әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 6 мыңдай бала бар.

Орта білім беру сапасын арттыру жұмысы және аймақтар, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты қысқарту жүргізілуде.

Білімдегі олқылықтарды толықтыруға ерекше назар аударамыз. Ол үшін осымен екінші жыл ауыл мектептерінің жоғары сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау жобасы жүзеге асырылуда. Өткен жылы 1 341 түлек мектепті бітірді, оның ішінде 350 түлек білім грантына ие болды.

Оқушыларды педагогикалық және медициналық мамандықтарды таңдауға бағдарлау мақсатында облыстың 10 инновациялық мектебінде «Медицинаға қадам» жобасы жүзеге асырылуда және медицина сыныптары ашылды (қала – 7, ауыл – 3), облыстың 20 мектебінде «Педагогикалық сынып» жобасы іске асырылуда (қала – 16, ауыл – 4). Бұл жобаларға қатысатын мектептер бейіндік колледждермен және жоғары оқу орындарымен белсенді түрде ынтымақтасуда.

Халықаралық зерттеулердің (PISA, PIRLS-2021, БЖМ) қорытындылары бойынша, өткен жылмен салыстырғанда, біздің балалар жақсы нәтижелер көрсеткенін атап кеткен жөн. Барлық қорытындылар бойынша облыс көрсеткіштері республикалық көрсеткіштерден жоғары.

Өткен оқу жылында оқушылардың олимпиадалық командасы республикалық олимпиадада 75 медальді жеңіп алды, 30 оқушы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Осы жылдан бастап әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан және репетиторлық қызметті пайдалану мүмкіндігі жоқ 7-11 сыныптардың үлгерімі төмен оқушыларының білім сапасын арттыруға бағытталған «Сандық мұғалім» республикалық жобасын іске асыру басталды. Біздің облысы бойынша осы санаттағы 1 418 оқушыны оқыту ұйымдастырылатын болады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау мен ерте түзетудің қолжетімділігін көбейту – бұл да білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Біздің облыста инклюзивті білім беру үшін 55% балабақшада, 81% мектепте және 70% колледжде жағдай жасалған.

Облыста 17 арнайы ұйым жұмыс істейді.

Өткен жылы Саран қаласында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды. Тағы бір осындай кабинетті Қарағанды қаласында ашу жұмысы жүргізілуде.

Оқу жылының басында Қарағанды, Саран, Теміртау қалаларының арнайы мектеп-интернаттарында ақыл-ойы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін қосымша 5 сынып ашылды, сондай-ақ, Теміртау қ. ақыл-ойы бұзылған балалар үшін қосымша 2 топ ашылды.

2023 жылға дейін Балқаш, Қарағанды

қаласында, Бұқар жырау ауданында тағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылады. Облыстық инклюзивті оқу ресурстық орталығы (Қарағанды қ.27 ОМ), 8 инклюзивті оқу кабинеті (Теміртау – 1, Қарағанды – 6, Шахтинск – 1), «ДАРА» қорынан 5 инклюзивті білім беру ресурстық кабинеті (Қарағанды – 2, Теміртау – 1, Шахтинск – 1, Саран – 1), 45 психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін көрсету кабинеті жұмыс істейді.

Қосымша білім беру одан әрі даму үстінде. Өткен жылмен салыстырғанда қамту 80,5% -дан (132929 бала) 83,3% -ға өсті (142 048 бала).

Мектептерде 2 646 үйірме мен секция тегін жұмыс істейді және 44,4 мыңдай баланы қамтиды. 96 мектептен тыс ұйымда 33 517 бала айналысады, о.і. 43 – білім беру жүйесінде, 35 – спорттық, 1 – мәдениет және 17 жекеменшік).

Осы жылы Қарағанды қаласында Пришахтинск ауданында 600 орындық жаңа Оқушылар сарайының құрылысы аяқталмақ. Балқаш қаласында 700 орынға арналған Балалар мен жасөспірімдердің техникалық шығармашылық орталығын ашу жұмыстарын бастаймыз. Іске қосу 2025 жылға жоспарланған.

Жалпы, қосымша білім берумен қамтуды арттыру мәселесін біз мемлекеттік тапсырысты жекеменшік ұйымдарға орналастыру есебінен шешеміз. Биыл 3 153 орынға мемлекеттік тапсырыс беруді жоспарлап отырмыз.

Тәрбие беру жұмысы барлық білім беру ұйымдарында ағымдағы оқу жылынан бастап Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбиенің «Ұлттық мүдде. Талап. Ар-ұят» деген үш басты құндылығы бойынша іске асырылады. Бұл үшін Ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау мақсатында атап өтілетін («Тоғыз ай – 9 іс-шара», айтулы күндер енгізілген Кешенді жоспар жасалған.

Отбасының бала тәрбиесіндегі ролін арттыру мақсатында мектеп пен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың жаңа нысандарын енгізді. Бұл бағытта жалпы 21 жоба, оның ішінде ата-аналардың өздері жүргізетін «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі» жүзеге асырылуда. Бүгінгі күнде облыстың барлық білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары ашылған. Бұл орталықтардың жұмысы ата-аналар мен басқа да заңды өкілдердің баланың тәрбиесі мен дамуы мәселелеріндегі құзіреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Балаларда кітап оқу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Осыған байланысты. «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» акциясы енгізілген. Бұл шараға 2 300-ге жуық отбасы қатысты. Үш жыл ішінде акция аясында 12 мыңдай ата-ана қатысқан 4 мыңдай іс-шара ұйымдастырылды.

Балалардың құқықтарын қорғау саласында жетім балаларға арналған 7 білім беру ұйымы жұмыс істейді. Соңғы 3 жылда жетім балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленушілер санының 507-ден 407 адамға немесе 20%-ға азайғаны байқалады. Бүгінде Әлеуметтік кодекстің қабылдануына және министрліктің бұйрығына байланысты балалар үйлерін Арнаулы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларға қолдау көрсету орталықтары деп өзгерту жұмыстары жүргізілуде.

Патронаттық тәрбиені дамытудың облыстық Кешенді жоспарын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғасуда. 2016 жылдан бері 563 бала патронаттық тәрбиеге берілген.

Биылдан бастап кәсіби патронаттық отбасыларды енгізу жоспарлануда. Біз 12 балалы 3 отбасын ашуды жоспарлап отырмыз, яғни, 1 отбасында 4 баладан.

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмысы туралы. Олардың қызметін үйлестіру білім бөлімі жанынан

ашылған оқушыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету зертханасына жүктелген.

Жоғары педагогикалық зейінді, соның ішінде буллингтің ықтимал болуы, зорлық-зомбылықтың белгілерін талап ететін оқушыларды уақтылы анықтау үшін сабаққа қатысу кезінде психологтар мен әлеуметтік педагогтар қолданатын әлеуметтік-психологиялық бақылау картасы жасалды.

Сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастарды колледжде тегін біліммен қамтуға қатысты.

Қазіргі таңда 54 колледжде 32 036 жас білім алуға, оның 22 666 (71%) мемлекеттік тапсырыс бойынша.

Биылғы оқу жылында қабылдау 8144 орынды құрады. Мемлекеттік тапсырыстардың 60%-ы техникалық мамандықтарға (металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік және т.б.) бағытталған.

Бүгінгі таңда 6 колледжде 8 жаңа мамандық пен 9 біліктілік ашылды: 07140500 «Цифрлық технология (түрлері бойынша)», 01140500 «Дене шынықтыру және спорт», 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07320100 «Құрылыс және ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану», 04120200 «Банк ісі және сақтандыру», 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», 02120100 «Интерьер дизайны».

Қосымша 8 мамандықты ашу бойынша жұмыс жоспарлануда. «SilkRoadsElectronics» ЖШС компаниясына Шахты технологиялық колледжде «Полимер бұйымдарын өндіру технологиясы» мамандығы бойынша.

Кәсіпорындармен мамандарды мақсатты оқыту бойынша келісімдер белсенді түрде жасалуда. Биылдың өзінде келісім-шарт бойынша 467 студент білім алуға, келесі оқу жылына тағы 300 студент қабылдау жоспарлануда.

Дуалды оқыту 39 колледжде (28 мемлекеттік, 11 жекеменшік) енгізілді, оған 300-ге жуық кәсіпорынның қатысуымен және 6572 адам қамтылды, бұл мемлекеттік тапсырыс бойынша барлық контингенттің 25%-ын құрайды (өткен жылы – 6425 студент, бұл 2%-ға) өсті. Кәсіпорындарға қамқорлық көрсету аясында 32 колледжде 74 меморандумға қол қойылды.

Біз сондай-ақ, колледждер негізінде өзіндік оқу фермалары мен шағын кәсіпорындарын құруды мақсат етіп отырмыз. ТЖБ ұйымдарында коммерцияландыруды дамыту үшін коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасы белгіленді (Әкімдіктің 2022 жылғы 4 наурыздағы № 27097 қаулысы) Биылғы жылы Қарағанды тағамтану және сервис колледжінің базасында шағын наубайхана ашу жоспарлануда. Бұл студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға және сонымен бірге колледждің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал етеді.

Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру және колледж студенттерін дамыту мақсатында облысымыз WorldSkills халықаралық шеберлік чемпионатына белсенді қатысуда. Биыл Польшада өткен халықаралық турнирге («Сантехника және жылумен жабдықтау», «Флористика» және «Электроника» қузіреті бойынша) Қазақстан атынан үш студентіміз қатысты.

Білім беру бағдарламаларына 50-ден астам WorldSkills стандарттары енгізілді, колледждердің 60% жаңа бағалау жүйесі – демо емтихандарды енгізуде. 28 техникалық-технологиялық колледждің 17-сі демонстрациялық емтихан түрінде біліктілік емтихандарын өткізіп үлгерді.

Білім беру саласындағы барлық жұмыстар білім сапасын одан әрі арттыру үшін жағдай жасауға және білім беру процесінің барлық қатысушыларына қауіпсіз, жайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Мұның барлығы өңірлік білім беру сапасын одан әрі дамытуға септігін тигізеді.

Гүлбақыт ЖҮНІСОВА,
облыстық білім басқармасының басшысы

Қалаған жеріне құрылыс салатындар қайдан шықты?

(Соңы. Басы 1-бетте)

– «Buildary» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қолдарында құрылысты тоқтату туралы соттың шешімі болса да, жұмыстарын жалғастыруда. Жарнамаға сенбейсіздер. Егер осы үйге үлескер ретінде қаражат салып қойсаңыздар, қайтарып алуға тырысыңыздар. Себебі, бұл үй бұзу жөнінде сотқа баратындардың ішінде бірінші тұр. – дейді басқарма басшысы.

Үлескер тарта алмайды

Сүрілуі тиіс үйлерді салып жатқан құрылыс компанияларының ешқайсысы үлескер тарта алмайды. Соттың үйлерді құлатуға шешім шығарғанда назарға алынған себептің бірі – осы.

– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 320-бабы бойынша заң бұзушылықтар орын алған. Яғни, үлескерлердің қаражатын заңсыз тартқан.

Құрылыс кезеңінде компания мұны тек «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңдарға сәйкес жасай алады. Пәтер сатып алушылардың қаражатын тартуға рұқсатты жергілікті атқарушы орган беруге тиіс. Үлескерлер ғимараттың шамамен 80-85%-ы тұрғызылғанда, болмаса, бірыңғай оператордың кепілдігі болған кезде немесе жобаға екінші деңгейдегі банк қатысқан кезде ғана қаражатын сала алады, – дейді Сержан Жанабекұлы.

Ал, «Хан», «Al-Farabi» және «Nura» тұрғын үй кешендеріне қатысты басқарма басшысы аталған нысандарды салып жатқан компанияларды бірінші 2022 жылғы мамырда әкімшілік шаралар қолданғанын айтады. Енді ғана іргесі көтеріле бастағаннан-ақ, дабыл қағып, прокуратураның ұсынысы бойынша айыппұл салған. Ал, тағы бір айдан соң құрылыс жұмыстарын тоқтату туралы

шешім шыққан. Бірақ, шешімді көзіне ілмеген компания жұмысын тоқтатпаған. Басқарма полиция департаментіне сот шешімін орындамады деп арызбен жүгінген.

– Полиция департаменті әкімшілік айыппұл салды. Бірақ, құрылыс тоқтамаған соң Әділет департаментіне сот орындаушысы жұмысын тиісінше атқармағаны үшін шағымдандық. Ол жақтан «Құрылыс жұмыстары тоқтатылуы тиіс үйлерді салып жатқан компаниядан жұмыстың тоқтатылғаны туралы хат алдық» деген жауап келді. Біз қол қусырып қарап отырмадық. Хат жіберіп, құқық қорғау органдарынан көмек сұрадық, – дейді Сержан Аймақов.

Сонымен қатар, «43-22-43 жедел желісіне қоңырау шалсаңыздар, барлық сұрақтарға жауап береміз» деп отыр басқарма басшысы. Одан бөлек, кез келген жағдайда кеңес беруге дайын екендіктерін айтады.

• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Жомарт жүрек жылуы

Қарағандылық «28 ілмек» клубының еріктілері шала туған нәрестелерге арнап, жүннен бұйымдар тоқиды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Клуб үй шаруасындағы әйелдер, мемлекеттік қызметкерлер, мұғалімдерден құралған. 2023 жылы клуб мүшелері облыстың жансақтау бөлімдеріне екі мыңнан астам жынытқы сыйлады, – дейді «28 ілмек» клубының үйлестірушісі Ксения Бектау.

Еріктілер үшін ең үлкен мәселе – жүн сатып алу. Демеушілер көмектескеннен, ол аздық етуде. Сондықтан,

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, Қарқаралы аудандық ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы
Еркін Әлжанұлы ҚАСЫМЖАНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

белсенділер нәрестелер тағдырына бейжай қарамайтын қала тұрғындарын қатарларына қосылуға шақырады. Тоқыма тоқуды бі



• ЖЕТИ ҚАЗЫНА

Сынақтағы сырттандар

Тазы – жүйріктігімен, иесіне адал, әрі тазалығымен ерекшеленеді. Тағы бір қыры – иісшілдігі. Қиядан қыран көзіне түспеген аңның күндік иісін сезеді. Бұған дейін ел шекарасын Белгия, Шығыс Еуропа, неміс овчаркалары қорғап, түрлі операцияларда жауынгер жанына серік болып келген-ді. Ұлттық құндылығымызды жаңғыртудың алғашқы қадамдары жасалды. Соның бірі – қазақты тазы мен төбетті шекара қызметіне қолдану.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Құмай тазы – ерекше жануар, қазақтың жеті қазынасының бірі. Біз тазы мен төбет итерді халықаралық деңгейде кеңірек дәріптеуіміз керек. Сыртқы істер министрлігі де міндетті түрде атсалысуға тиіс. Тазыға ерекше күтім, қамқорлық қажет. Бұл маңызды іс кәсібилікті талап етеді. Сол үшін арнайы заң қабылдадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ел Президентінің тапсырмасынан кейін тазыға қоңіл бөлініп, оларды тек

көрген жанның сұстанары сөзсіз. Есту қабілеттеріне қайран қалдық. Екеуінің тәртіпке бағынуы, бұйрықты бұлжытпай орындауы да үлкен үмітке бастау. Болашақта бұл екеуінен нағыз шекарашы төбеттер шығары анық, – дейді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі кинология бөлімінің өкілі Әлімжан Құлмағанбетов.

Шекарашылардың айтуынша, ежелден бөтен иіс пен бейсауат дыбысты әудем жерден сезер төбеттің қырағылығына келтірер шәк жоқ. Адам серігіне айналған ақылды иттердің тұр-түрін көріп жүрген



Сурет ашық дереккөзінен

аңшылыққа немесе мал күзетуге ғана емес қарулы күштер қатарында сынауларына жағдай жасалды. Осыған орай тазының шекара күзетуге қабілет-қауқары жеткілікті екені анықталған еді. Енді малды ауылдың айбары болған төбет те бұл қызметке сақадай сай екені дәлелденді.

Расында, қазақ кинология саласы жат емес. Ежелден жануарды жақса етіп, тілін тапқан ел едік. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын тұмса табиғаттың түлігін оқ атып, қанға бояғаннан гөрі тазы мен төбет қосып қызығын көруді құп көрді бабаларымыз. Осылайша саятшылық салты қалыптасқа керек. Тіпті, тазының шалымдысын, төбеттің сағын таңдап, әрбіреуіне қызмет сайлаған. Алыстан «әу» деп үргені үрей шақырған бөрібасарды малға кара құлып көрсек, құмай тазыны асыраушы көргені тарих тарауында тұр.

Осы жазда Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне «Жеті қазына» қауымдастығынан қос төбеттің күшігі жеткізілген-тін. Бүгінде қос арланның қызметтік бұйрыққа бейімі барын айтады шекарашылар. «Таймас» пен «Сақшы» атанған екі күшіктің мұнда келгендеріне 7 ай болған. Олар күндік дайындыққа қатты берілсе де, балалығы әлі бар.

– Күшіктер еш агрессиясыз, яғни, адамға қастық қылмайтындығына көз жеткіздік. Десек те, сырт келбеттерін

кинологтар сынақ мерзіміндегі тазы мен төбет күшіктерінің иісшілдігі мен ұшқырлығына, беттілігі мен ептілігіне тәнті.

Ал, тақыр жерде тарпаң тұқыртқан тазының шекараның сыртқы күзетіне, яғни, атқа ерітпек.

– Тазыны атсыз, не атты тазысыз елестету қиын. Екеуі де қазақтың «Жеті қазынасы» қатарында. Сондықтан, ежелгі салтқа сына салмай екеуін бір мақсатқа қолдану табылған ақыл. Бізге жеткен тазы күшіктерінің жүйріктіктері керемет. Адамға бейімделуі, бұйрыққа икемделуінде сөз жоқ. Осы құндылықтарды ескере отырып, тазыны атпен бірге іздестіру, із кесу жұмыстарына үйретсек деген ойдамыз. Тазының иісшілдігінің арқасында шекара бұзушының ізіне тез түсіп, жүйріктігінің арқасында қашқанды ұстауға кететін уақыт үнемделеді, – дейді Әлімжан Құлмағанбетов.

Мамандар пікірінше, ең басты назарға ұсынған тазы ерекшелігі – иіс сезу қабілетінің өте жоғарылығы. Соның арқасында есірткі, жарылғыш заттар, заңсыз тасымалданған қару-жарақ және декларацияланбаған валютаны тез табуға мүмкіншілік бар көрінеді. Алайда, мұның бәрі кинологтардың тәжірибесі мен ғылыми ізденісінен кейін анық болмақ. Десек те, сынақтағы сырттандар сыртқы жауға айбар болары даусыз.

• ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНДА

Зообак жаңа жануарлармен толықты

Қарағандыдағы хайуанаттар бағына жаңадан жануарлар әкелініп жатыр. Енді мұнда келушілер альпака ламалары мен Камерун ешкілерін тамашалай алады.

Камерун ешкілері ерекше сыртқы түрімен танымал. Олар кәдімгі ешкілерден кішілігімен ерекшеленеді. Камерун ешкілері шағындығына қарамастан өнімді. Тіпті, бір-екеуі бүкіл отбасын сүтпен қамтамасыз ете алады. Шығынына келсек, камерундық ешкілер қарапайым ешкілерге қарағанда әлдеқайда тиімді. Бұл тұқымның шағын пішінді өкілдері әртүрлі өмір сүру жағдайларына тамаша бейімделеді. Олар

ыстыққа және нөлден төмен температураға да оңай төзе алады.

Хайуанаттар бағының директоры бұл ерекше жануарлардың қайдан әкелінгенін айтып берді.

«Алты Камерун ешкісін сатып алдық. Олар Қытайдан Алматы арқылы әкелінді. Сондай-ақ, Чехиядан келген бес лама сатып алдық. Бұл 2023 жылға арналған келісім-шарт болатын. Ламалар небары бір жаста.

• БІР АУЫЗ СӨЗ

Қыс шілдесі



Сурет ашық дереккөзінен

Төрехан МАЙБАС,
жазушы-этнограф

Қазір әлеуметтік желілерде қыс шілдесі жөнінде жұрт жарыса жазып жатыр. Бәрі жақсы-ау, бірақ құр жамырағаннан басқаны көрмей отырған жайымыз бар. Керек десеңіз, сол баяғы сусаниншілдік... Өзі адасып ғана қоймай, өзге жұртты да адастырып жатыр. Әрине, әдейі істеп жатқан жоқ...

Қыс шілдесінен бұрын әңгімемізді қыс тоқсаннан бастағанымыз жөн болады.

Қыс тоқсан дегеніміз кәдімгі қысқы үш айымыз. Ол өз күшіне бұрынғыша ақпан айының (желтоқсан) 13-де кіреді. Осы күні жұрт соғым сояды.

Қыс тоқсанымыз үш айдан соң өз орынның көктемге босатады. Бұрынғыша айтсақ, мұнымыз ұлыс айы!

Парсыша айтсақ наурыз айы... Олай болса, қазақтың жаңа жылы ұлыс айының 14-де кіреді. Ұлыс оң болсын дейтініміз содан!

Жаз шілдесін бәріміз де білсек керек. Тура қырық күн ми қайнататын аптап тұрады. Мұнымыз маусымның 25-нен шілденің 5-дейін созылады.

Осыған қарама-қарсы қыста қырық күн тұратын аязды күндерді қыс шілдесі

дейді. Онымыз қаңтардың 17-нен ақпан айының соңына дейін созылады.

Қаңтардың 17-нен бастап, аса қатты аяздар жүреді. Оны бабаларымыз саршұнақ аяз деген. Арқаның қыс шілдесі бір күн аяз, бір күн боран. Келер айдың 17-нен бастап, борасын жүреді. Оны кешегі үлкендеріміз бөрісырғақ деген.

Бұл туралы мен жазудайын жазып-ақ жүрмін. Алайда, жұрт та баяғы жазғанынан таймай бөрісырғақ қаңтар айының 17-нен бастап жүреді деп жар салуда.

Жұпқа түсетін жалды – бөрі дейді, шуланды – бөрте дейді.

Бөрі мен бөрте мойнына алған шаруаларын басқа мақұлықтар сынды ашық, кез келген жерде жасамайды. Олар бұл жауапкершіліктерін жасырын жасайды!

Әуектен бөлініп, көзден таса жерде. Бір жаратушы ақпанның ақырған боранын осы бөрі мен бөрте үшін әдейі жіберген сынды көрінеді. Әуектің қалған көзінен жасырынуы үшін...

Осы амалды бабаларымыз бөрісырғақ деген. Бұл амал ақпан айының 17-25 аралығында өтеді.

Қасқыр баласын 63 күн көтереді. Содан барып, қарақұлақтарын сәуір айының басында әкеледі. Қыс ішінде қасқыр (бөрте) күшіктеді деген әңгімені естімедік.

• БАЙҚАУ

Эпостық жырда өрлік бар

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы «Алпамыс батыр» жыры желісімен 14-15 жастағы жеткіншектер арасында байқау өткізеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарыс қос кезеңден тұрады. Біріншісі – тестілеу негізінде. Алдағы 26 наурыз күні кітапханада өтеді деп жоспарлануда. Аталмыш тест бойынша 30 сұрақ дайындалды. Ал, екіншісі кезең – мәнерлеп оқу. Тесттен мүддірмен қатысушылар 27 наурызда екінші кезең шартына сай мәнерлеп оқу бәйгесіне түспек. Ежелгі эпостық жырларды жатқа айтып, аңызға сүйсіну кенжелеп кеткен-ді кейінде. Алайда, «дәл осындай шаралар арқасында жоғалғанымыз табылып, өшкеніміз жануда», дейді ата-аналар.

– Бұл байқаудың мақсаты – жасөспірімдер арасында кітап оқуды және қазақ эпостарын дәріптеу. Қатысушылар өздері жатқа айтқан эпоспен толықпен

танысуы керек. Олар жырдағы басты кейіпкердің мақсатын, патриоттығын ұғынуы керек. Елдік пен ерліктің не екенін есейгенше білсе, есейгенде соның жолында аянбай тер төгері сөзсіз. Ал, екінші турға өткендер эпостан өздері таңдаған 200 жол үзіндіні жатқа оқиды, – дейді кітапханашылар.

Байқауға өтініштер 18 наурызға дейін кітапханада Бұқар жырау даңғылы, 30 мекенжайы бойынша немесе электрондық пошта арқылы қабылданады obd_abai@mail.ru («байқау-батырлар жыры» белгісімен).

Сайыс жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шер, Балқаш,
Пригородск: 8-702-293-13-70
Қарақаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

• АШИХАРА-КАРАТЭ

Үш секундтағы нокаут

Қарағандылық Евангелина Молодущина ашихара-каратэден Азия чемпионатында өз жас санатында жеңіске жетіп, елге алтын медальмен оралды. Түркияда өткен халықаралық турнирге 16 елдің спортшылары қатысқан. Қазақстан намысын 21 спортшы қорғады.

11 жастағы Евангелинаның жаттықтырушысы – Арман Райымбеков. Жарыс – толық байланыс, кумите және ката атты үш бөлімде өтті.

– Турнирде қазақстандықтар 11 алтын медаль жеңіп алып, жалпы командалық үшінші орынға ие болды. Евангелина төрт жекпе-жек өткізіп, финалда куейттікті жеңді. Бұл 2-3 секундқа созылған ең қысқа жекпе-жектің бірі болды. Бір ғана мае-гери соккысын жасап, техникалық нокаутқа түсірді, – дейді облыстың ашихара-каратэден бас бапкері Арман Райымбеков.

Евангелина Молодущина Шәкәрім атындағы гимназияның бесінші сыныбында оқиды. Ашихара-каратэмен 5 жылдан бері айналысады. Осы кезге дейін Азияның үш дүркін чемпионы, Әлем чемпионы және Қазақстанның төрт дүркін чемпионы атанған.



• БОКС

«Канелоны»

шаң қаптырды

Youtube желісіндегі «neKARATE» арнасы қазақстандық боксшы Геннадий Головкинді «Бокстағы ең ауыр нокауттар» атты қысқаша бейнежазбалар топтамасында арнайы атап өтті.

Жазбада Геннадий Головкинді (42-2-1, 37 KO) нокаут пайызы бойынша өзінің мансабындағы басты қарсыласы мексикалық Сауль «Канело» Альвареспен (60-2-2, 39 KO) салыстырған. Бұл тұрғыдан GGG-нің даусыз артықшылығы бар. Альваресте – 65%, Геннада – 88,1%. Бұл аңызға айналған жерлесіміздің әлемдік бокс тарихындағы мәртебесін аңғартқандай.



• ФУТБОЛ

Аяқдоп аламаны

Қарағандыда «Шахтёр» футбол клубының ардагерлерін еске алуға арналған 2014 және 2015 жылғы балалар арасында футболдан турнир өтті.

Аяқдоп аламанна «Скаут», «United Kids», «Майкүдык», В.Асылбаев атындағы ФО, «Шахтёр-2015» (А), «Шахтёр-2015» (Б), «Шахтёр-2014» (А), «Шахтёр-2014» (Б) командалары қатысып, бақ сынасты.

Қола жүлде үшін таласта «Скаут» командасы В.Асылбаев атындағы ФО-ны 3:2 есебімен жеңді. Аяқдоп аламанна суырылып шыққан «Шахтёрдың» 2014 жылғы екі командасы тартысты ойын көрсетті. Нәтижесінде 6:2 есебімен «Шахтёр-2014» (Б) командасы жеңісті құлып алды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өз тілшімізден